ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 мамыр №2301-23-00-2/690 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы А.Нигметованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау филиалы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "SANAT" Жомарт Избасканович Молдашев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.К.Ергалиев
Жауапкер Ж.И.Молдашев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 ақпанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №40/2023 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға 8 400 дана қап тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 504 000 теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген, міндеттемелер толық орындалмады.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер Ж.И.Молдашев талапты ішінара мойындап, тауардың қымбаттауына байланысты, тауарды жеткізуге мүмкіндік болмағандығын көрсетіп, соттан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, 8 400 дана қап тауары мерзімінде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдары пайда болғанын айтып өтті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау филиалының жауапкер жеке кәсіпкер "SANAT" Жомарт Избасканович

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 23.05.2023

2301-23-3-1/739

Молдашевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "SANAT" Жомарт Избасканович Молдашев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "SANAT" Жомарт Избасканович Молдашевтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Шешім заңды күшіне 2023 жылы "23" маусымы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 23.05.2023

2301-23-3-1/739